Құжат «Самұрық-Қазына» АҚ сатып алу веб-порталымен құрылған
Документ сформирован веб-порталом закупок АО «Самрук-Қазына»

Қызметтерді сатып алу жөнінде шарт №_____

_____қ. «__»_____2026 ж.

"Үлбі металлургиялық зауыты" АҚ, бұдан әрі «Тапсырыс беруші» деп аталатын, _____ _____ негізінде әрекет ететін _____, атынан, бір жағынан, және _____ бұдан әрі «Өнім беруші» деп аталатын, _____ _____ атынан, негізінде қызмет ететін _____, , тұлғасында екінші тараптан бірлесіп «Тараптар», ал жоғарыда көрсетілгендей жеке-жеке «Тарап» деп аталатындар «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамының және дауыс беретін акцияларының (қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайызы тікелей немесе жанама түрде «Самұрық-Қазына» АҚ-ға меншік немесе сенімгерлік басқару құқығымен тиесілі заңды тұлғалардың сатып алуларын жүзеге асыру тәртібіне (бұдан әрі – Тәртіп) сәйкес және _____ _____ негізінде осы Қызметтерді сатып алу жөнінде шартты (бұдан әрі –Шарт) жасасты және төмендегідей келісімге келді. Орындаушы осы Шартқа қол қоя отырып: • заңнамаға сәйкес құрылған және әрекет ететін кәсіпкерлік субъектісі екендігін; • осы Шартқа қол қою үшін қандай да бір шектеулер, тыйым салулардың жоқ екендігін; • осы Шартқа қол қоймас бұрын өзінің барлық кәсіпкерлік тәуекелдерін бағалап, сәйкестендіргенін; • осы Шарттың орындалуына әсер ететін Тәртіппен танысты және Тәртіп нормаларымен келісетінін растайды. Егер сатып алынатын Қызметтер Тәртіптің 10-1-тармағының реттелуіне жататын болса, Тапсырыс беруші өнім берушінің/бірлесіп орындаушының Тәртіптің 61-бабы 10-1-тармағында көзделген міндеттемелерді орындауына тұрақты негізде мониторингті жүзеге асырады.

1. Шарттың мәні

1.1. Орындаушы Шарттың талаптарына сәйкес қызметтерді (бұдан әрі – Қызметтер) көрсетуге, ал Тапсырыс беруші Орындаушы Шарт бойынша өз міндеттемелерін тиісінше орындаған жағдайда, осы Шарттың талаптарында қызметтерді қабылдауға және төлеуге міндеттенеді.

1.2. Қызметтер «ҮМЗ-информ» зауыт газетін баспаханалық тәсілмен басып шығаруды, оның ішінде қосымшаны басып шығаруды, беттеуді (Тапсырыс берушінің дизайнері демалыста болған кезеңде), бүктеуді, жайып салуды, осы Шарттың және оған қосымшалардың талаптарына сәйкес жеткізуді білдіреді.

1.3. Төменде берілген құжаттар мен оларда көрсетілген шарттар осы Шартты құрайды және оның ажырамас бөлігі болып табылады, атап айтқанда:

1.3.1. Шарт.

1.3.2. Сатып алынатын қызметтер тізбесі (Веб-порталда жасалады) (№ 1-Қосымша).

1.3.3. Техникалық ерекшелік (Веб-порталда жасалады) (№ 2-Қосымша).

1.3.4. Қызметтерді орындауға арналған шарттағы елішілік құндылықтың болжамды/нақты есебі (Веб-порталда жасалады) (№ 3-Қосымша).

1.3.5. Контрагент анкетасы (Орындаушы электрондық форматта немесе қағаз нұсқада ұсынады) (№4-Қосымша).

1.3.6. ESG анкета-сауалнамасы (Орындаушы электрондық форматта немесе қағаз нұсқада ұсынады) (№5 -Қосымша).

1.3.7. «ҮМЗ» АҚ рұқсатнамалық тәртіптеме туралы нұсқаулықтың талаптары (№6 -Қосымша).

1.3.8. Бейрезиденттермен жасалатын шарттар үшін Санкциялық шектеулерге сәйкестік кепілдіктері (№ -7-Қосымша).

2. Шарт сомасы және төлем шарттары

2.1. Осы Шарттың жалпы сомасы _____ (_____) _____ құрайды және Шарттың талаптарын тиісінше орындау үшін қажетті барлық шығыстарды қамтиды және Шарт пен Тәртіпте көзделген жағдайларды қоспағанда, Тараптар осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін толық орындағанға дейін өзгертуге жатпайды.

2.2. Шарт бойынша төлем түрлерінің жалпы арақатынасы Шартқа № 1 қосымшада көрсетілген.

2.3. Шарт бойынша ақы төлеу:

2.3.1. Тапсырыс беруші Шарттың талаптарына сәйкес нақты көрсетілген Қызметтер үшін төлем жүргізеді.

2.4. Көрсетілген қызметтер үшін төлем, оның ішінде Шарт бойынша түпкілікті есеп айырысу, Тараптар Көрсетілген қызметтер актісіне (бұдан әрі – Акт) қол қойған және мынадай құжатты (құжаттарды) ұсынған күннен бастап 30 (отыз) күнтізбелік күннен кешіктірілмей жүзеге асырылады:

2.4.1. Электронды құжат нысанында Шарт шеңберінде көрсетілген Қызметтердің бүкіл көлеміне елішілік құндылық есебі (көрсетілген Қызметтердің түпкілікті актісімен бірге электронды сатып алуларды жүргізуді қамтамасыз ететін «Самұрық-Қазына» АҚ ақпараттық жүйесінде ұсынылады (бұдан әрі – Веб-портал);

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей
Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

2.4.2. Қазақстан Республикасының резиденттерімен Веб-порталда қол қойылатын шарттар үшін Электронды құжат нысанында Шарт бойынша нақты көрсетілген Қызметтер көлеміне елішілік құндылық есебі (орындалған жұмыстардың (көрсетілген қызметтердің) әрбір Актісімен бірге (Р-1 нысаны) (бұдан әрі - Акт) электронды сатып алуларды жүргізуді қамтамасыз ететін «Самұрық-Қазына» АҚ ақпараттық жүйесінде ұсынылады (бұдан әрі – Веб-портал); Есепте осы Шарттың № 3 Қосымшасына сәйкес нысан бойынша растаушы құжаттардың көшірмелерімен қоса ҚР Инвестициялар және даму министрінің 20.04.2018ж. № 260 бұйрығымен бекітілген Ұйымдардың тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алу кезінде елішілік құндылықты есептеуінің бірыңғай әдістемесінің талаптарына сәйкес жүргізілген елішілік құндылық есебі болуы тиіс; Веб-порталда бейрезиденттермен қол қойылатын шарттар үшін Заңнама талаптарына сәйкес жазып берілген _____ (Орындаушы елінің атауын көрсету. Мысалы: «Ресей Федерациясы») көрсетілген Қызметтердің әрбір Актісімен электронды құжат нысанында Шарт бойынша нақты көрсетілген Қызметтер көлеміне (өспелі қорытындымен) елішілік құндылық есебі (бұдан әрі – Акт). Есепте растаушы құжаттардың көшірмелерін қоса ұсына отырып, осы Шарттың №3-Қосымшасына сәйкес нысан бойынша Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 20.04.2018 ж. №260 бұйрығымен бекітілген Тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алу кезінде елішілік құндылық ұйымдарының есептеудің бірыңғай әдістемесінің талаптарына сәйкес жүргізілген елішілік құндылық есебі қамтылуы тиіс.

2.4.3. Тараптар қол қойған Акт.

2.4.4. Қазақстан Республикасының 2025 жылғы 18 шілдедегі № 214-VIII Салық кодексінің (бұдан әрі - ҚР СК) 208-бабында көрсетілген ҚҚС төлеушілері, ҚҚС төлемеушілер үшін Салық заңнамасының талаптарына сәйкес жазып берілген шот-фактура. ҚР СК 208-бабында көрсетілмеген ҚҚС төлемеушілер үшін Шоттар.

2.4.5. Шарттың 5-бөлімінде көрсетілген құжаттар.

2.5. Тапсырыс беруші қағаз нұсқада Актіні (Актілерді) қабылдағаннан кейін Орындаушы Веб-порталда электрондық түрде көрсетілген Қызметтер Актісін және Елішілік құндылық есебін дайындайды және қол қояды.

2.6. Орындаушы көрсетілген қызметтердің актісін (актілерін) Тапсырыс берушіге Веб-портал арқылы жібереді. Веб-порталда Көрсетілген қызметтердің актісіне (актілеріне) электронды түрде қол қоюға жол беріледі. Заңға сәйкес рәсімделген және қол қойылған Көрсетілген қызметтердің актісі (актілері) Орындаушымен Тапсырыс берушіге Веб-портал арқылы жіберіледі. Веб-порталда электрондық түрде Қызметтерді қабылдап алу-тапсыру актісін (актілерін) қалыптастыруға және оған қол қоюға жол беріледі.

2.7. Тапсырыс беруші Орындаушының төлем құжаттарының топтамасын уақытында ұсынбауына/қол қоймауына байланысты төлемді кешіктіргені үшін жауапты болмайды.

3. Қызмет көрсету мерзімдері мен шарттары

3.1. Қызмет көрсету мерзімдері, шарттары, көлемі және орны осы Шарттың № 1 Қосымшасына/№ 2 Қосымшаларына сәйкес анықталады.

3.2. Қызмет көрсету орны -_____.

4. Тараптардың құқықтары мен міндеттемелері

4.1. Орындаушы:

4.1.1. Шарттың талаптарына сәйкес Қызметтерді көрсетуге;

4.1.2. Газет пен қосымшаны шығарудың қажетті сапасын қамтамасыз ету (электронды түрде ұсынылған түпнұсқаға сәйкес келетін түс берумен).

4.1.3. Тапсырыс берушіге көрсетілетін Қызметтерге арналған құжаттарды Шартта Техникалық себептер бойынша Орындаушының баспаханасында газет пен қосымшаны шығару мүмкін болмаған жағдайда, соңғысы Орындаушының өз қаражаты есебінен басқа баспахананың полиграфиялық базасында Шартта көзделген мерзімде "ҮМЗ-информ" толық түсті нөмірлерін және қосымшаларды офсеттік тәсілмен басып шығаруды қамтамасыз етеді.

4.1.4. Орындаушының кінәсінен "ҮМЗ-информ" газетінің таралымын басып шығару және қосымша бойынша Қызмет көрсету сапасы лайықсыз болған жағдайда, соңғысы таралымды шыққан күнінен бастап 3 (үш) күннен кешіктірмей өз есебінен қайта басып шығаруға міндеттенеді.

4.1.5. Тапсырыс берушіге көрсетілетін қызметтерге құжаттарды Шартта көзделген мерзімдерде және шарттарда ұсынуға, оның ішінде:

4.1.5.1. Шарт шеңберінде көрсетілген Қызметтердің барлық көлеміне (мөлшеріне) электронды құжат нысанында елішілік құндылықтың есебі (Веб-порталда ұсынылады). Көрсетілген Қызметтердің түпкілікті актісімен бірге ұсынылады; Шарт бойынша көрсетілген Қызметтер көлеміне (өспелі қорытындымен) әрбір Актімен бірге электронды құжат нысанында елішілік құндылық есебі (Веб-порталда ұсынылады); Осы Шарттың 2-бөлімінде көрсетілген құжаттар.

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

4.1.6. Шарттың талаптарына сәйкес Қызметтердің саны мен сапасы бойынша Тапсырыс беруші анықтаған кемшіліктерді жоюға;

4.1.7. Тендерлік өтінім құрамында мәлімделген жабдықпен, техникамен (техникалық құрылғылармен), ғимараттармен (құрылыстармен), үй-жайлармен, бағдарламалық қамтамасыз етумен білікті мамандармен қызметтер көрсетуге;

4.1.8. Қызметтерді көрсету кезінде Қазақстан Республикасының өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау саласындағы және халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы заңнамасының талаптарын, сондай-ақ көрсетілген бағыттар бойынша Тапсырыс берушінің ішкі нормативтік құжаттарын ұстануға;

4.1.9. Орындаушының өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау, халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы және ішкі нормативтік құжаттар саласындағы және аталған бағыттар бойынша Тапсырыс берушінің ішкі нормативтік құжаттарының талаптарын сақтамауы нәтижесінде туындайтын ықтимал оқиғалар, авариялар, жазатайым оқиғалар, қоршаған ортаның ластануы, сондай-ақ халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы Тапсырыс беруші мен мемлекеттік органдар алдында толық жауапкешілікті көтеруге;

4.1.10. Тапсырыс берушінің объектісінде және (немесе) аумағында қызмет көрсету кезінде авариялarға, жазатайым оқиғаларға, қоршаған ортаның ластануына әкеп соғуы және (немесе) әкеп соқтыруы мүмкін барлық мән-жайлар туралы Тапсырыс берушіге дереу ескертуге;

4.1.11. Тапсырыс беруші және (немесе) уәкілетті органдар белгілеген мерзімдерде Тапсырыс беруші немесе өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау, халықтың санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығы және Тапсырыс берушінің ішкі нормативтік құжаттары саласындағы уәкілетті органдар анықтаған кемшіліктерді өз есебінен жоюға;

4.1.12. Тапсырыс берушінің және (немесе) уәкілетті органдардың өкілдеріне өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігінің, еңбекті және қоршаған ортаны қорғаудың және халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласының жай-күйін тексеру үшін Тапсырыс берушінің объектілерінде және (немесе) аумағында орналасқан қызметтер көрсету орындарына қолжетімділікті қамтамасыз етуге;

4.1.13. Орындау және көрсету кезінде тауарларды сатып алу «Атамекен» ҚР ұлттық кәсіпкерлер палатасының (бұдан әрі - ҰКП) келісімі бойынша сатып алу жөніндегі қор операторы бекіткен тауар өндірушілерден жүзеге асырылатын жұмыстар мен көрсетілетін Қызметтер тізбесінде қызметтер болған жағдайда сатып алынатын тауардың тауар өндірушілерінен және сатып алынатын тауар бойынша жаңа өндірістер құру жөніндегі Жобаны іске асыратын ұйымдардан Қызметтер көрсету үшін қажетті тауарларды сатып алуды қамтамасыз етуге; Өнім берушінің Тараптардың көрсетілген қызметтерді қабылдап алу-беруді растайтын тиісті (түпкілікті) актіге, сатып алынатын тауарларды тауар өндірушіден (тауар өндірушілерден) сатып алу туралы шарттың (шарттардың)/сатып алынатын тауар бойынша жаңа өндірістер құру жөніндегі жобаны іске асыратын(іске асыратын) ұйымнан, Тауарларды қабылдап алу-тапсыру актілерінің көшірмелерін қол қойған күнге дейін ұсынуы өнім берушінің осы тармақта көзделген міндеттемені орындағанының растауы болады. Тауарды жеткізу бағасы, сипаттамалары мен мерзімдері қызметтерді сатып алу туралы шарттың талаптарына байланысты Өнім берушінің талаптарына сәйкес келмеген жағдайда, Өнім беруші осы тармақта көзделген міндеттемені орындаудан босатылады. Баға өнім берушінің талаптарына сәйкес келмеген жағдайда өнім беруші Тапсырыс берушіге сатып алу туралы шарттың(шарттардың) және құны жаңа өндірістер құру жөніндегі жобаны іске асыратын тауар өндіруші/ұйым ұсынған тауар(тауарлар) бағасынан төмен тауарды(тауарларды) қабылдап алу-беру актісінің (актілерінің) көшірмесін ұсынады.

4.1.14. ҚР СК 208-бабында көрсетілген ҚҚС төлеушілері, ҚҚС төлемеушілер үшін Акт бойынша көрсетілген Қызметтерді тапсыруға, Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасы бойынша шот-фактура жазып беруге. ҚР СК 208-бабында көрсетілмеген ҚҚС төлемеушілер үшін Акт бойынша көрсетілген Қызметтерді тапсыруға және төлем шотын ұсынуға.

4.1.15. Мерзімінде, 3 жұмыс күнінен кешіктірмей, Қызмет көрсету барысында туындауы мүмкін өзгерістер туралы Тапсырыс берушіге ресми хабарлауға және осы өзгерістердің барлық келісулерін жедел жүргізуге.

4.1.16. Білімін, тәжірибесін және қолда бар барлық мүмкіндіктерді пайдалана отырып, Қызметтерді ұйымдастыруға және көрсетуге; Орындаушы көрсетілетін Қызметтердің әдістері, жүйелілігі мен сапасы үшін, сондай-ақ Шарт бойынша көрсетілетін барлық Қызметтердің үйлесімділігі үшін толық жауапты болады.

4.1.17. Көрсетілген қызметтердің тиісті сапасын Қазақстан Республикасының аумағында қолданыстағы нормативтік құжаттарға сәйкес қамтамасыз етуге.

4.1.18. Тапсырыс берушінің құжаттарына сәйкес ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету бойынша талаптарды орындауға.

4.1.19. Осы Шарт бойынша міндеттемелерін орындауына байланысты Орындаушыға белгілі болған қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге де құпияны, сондай-ақ дербес деректерді жария етпеуге.

4.1.20. Өзара талаптың жоқ екендігі туралы салыстыру актісіне Тапсырыс берушіден алған күннен бастап 30 (отыз) жұмыс күнінен кешіктірмей қол қоюға.

4.1.21. Егер мұндай материалдар (тауарлар мен жабдықтар) Қазақстан Республикасының аумағында өндірілген жағдайда, Қызметтер көрсету үшін қажетті отандық материалдарды (тауарлар мен жабдықтарды) сатып алуға.

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

4.1.22. Тапсырыс берушінің аумағында болған кезде жұмыскерлерді Орындаушының ұйымына тиесілілігін көрсететін логотиптермен арнайы киіммен қамтамасыз етуге;

4.1.23. Өз жұмыскерлерін «СТ 28.0021 баяндалған «ҮМЗ» АҚ объектілерінде мердігерлік ұйымдардың қызметкерлеріне рұқсат беру және келу кезіндегі өткізу және объектішілік режимнің талаптарымен», оның ішінде «ҮМЗ» АҚ рұқсатнамалық тәртіптеме туралы нұсқаулықтардың талаптарымен» (№ ___-Қосымша) таныстыруға және олардың сақталуына толық жауапты болуға. Өткізу және объектішілік режимдердің бұзылуына жол бермеуге. Мұндай бұзушылықтарға келесілер жатады, соның ішінде:

4.1.23.1. Орындаушының және/немесе Орындаушы жұмыскерінің «ҮМЗ» АҚ аумағында жұмыс уақытында және жұмыстан тыс уақытта алкогольдік, есірткілік немесе токсикологиялық мас күйде болуы, сондай-ақ күзетілетін аумаққа алкогольдік, есірткілік немесе токсикологиялық мас күйде өтуге әрекет етуі;

4.1.23.2. Орындаушының және/немесе Орындаушы жұмыскерінің «ҮМЗ» АҚ аумағынан рұқсат құжаттарынсыз немесе дұрыс ресімделмеген құжаттар (тауар-материалдық құндылықтардың нақты көлемі, саны және/немесе номенклатурасы ресімделген құжаттарға сәйкес келмейді, әкетуге арналған құжаттарда толықтырулар немесе түзетулер бар) бойынша тауар-материалдық құндылықтарды әкету (шығару) және/немесе әкету (шығару) әрекеттері;

4.1.23.3. Орындаушының және/немесе Орындаушы жұмыскерінің рұқсат құжаттарынсыз немесе дұрыс ресімделмеген құжаттар бойынша «ҮМЗ» АҚ рұқсатнамалық тәртіптеме туралы нұсқаулықтың талаптарында көрсетілген тыйым салынған заттарды әкелу және/немесе кіргізу әрекеттері және/немесе әкелу және/немесе кіргізу (№ ___-Қосымша);

4.1.23.4. рұқсаттаманы басқа тұлғаға беру, өтуге әрекет жасау және/немесе «ҮМЗ» АҚ аумағына жалған немесе мерзімі өткен рұқсаттама бойынша өту.

4.1.24. Рұқсаттаманың қолданылу мерзімі аяқталғаннан кейін 5 (бес) жұмыс күні ішінде оны (рұқсаттаманы) Тапсырыс берушіге қайтаруға және Тапсырыс берушінің рұқсаттамалар бюросының өкілі қол қойған рұқсаттамаларды қайтару туралы анықтаманы Шарттың кураторы - Ю.А. Антоноваға ұсынуға.

4.1.25. Тапсырыс беруші тиісті талаптар қойған сәттен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде жоғалған/ бүлінген рұқсаттаманың құнын Тапсырыс берушіге өтеуге. Орындаушы Шарттың 4.1.24-тармақшасында белгіленген мерзім ішінде рұқсаттаманы қайтаруды растайтын анықтаманы ұсынбаған жағдайда рұқсаттама жоғалған болып есептеледі.

4.1.26. Осы Шартқа қол қойылғаннан кейін 5 (бес) жұмыс күні ішінде және егер Шарт 12 айдан астам мерзімге жасалған болса, жыл сайын Тапсырыс берушіге контрагенттің толтырылған сауалнамасын (осы Шарттың №4-Қосымшасы) ұсынуға.

4.1.27. Тапсырыс берушіге осы Шартқа қол қойылғаннан кейін 5 (бес) жұмыс күні ішінде және егер Шарт 12 айдан астам мерзімге жасалған болса, жыл сайын толтырылған ESG анкета-сауалнамасын (осы Шарттың №5-Қосымшасы) ұсынуға.

4.1.28. Веб-портал арқылы көрсетілген Қызметтер Актісін ұсынуға.

4.1.29. Осы Шартқа қол қойылғаннан кейін 5 (бес) жұмыс күні ішінде Тапсырыс берушінің http://www.ulba.kz. веб-сайтында орналасқан «ҮМЗ» АҚ өнім берушілерінің Әдеп кодексімен өзі және жұмыскерлерін таныстыру. «ҮМЗ» АҚ өнім берушінің Әдеп кодексі осы Шарттың ажырамас бөлігі болып табылады.

4.1.30. Орындаушы, оның ішінде оның жұмыскерлері және олардың отбасы мүшелері, сондай-ақ қосалқы орындаушылар Шарттың бүкіл қолданылу мерзімі ішінде «ҮМЗ» АҚ өнім берушінің Әдеп кодексіне сәйкестігі бойынша міндеттемелерді өзіне қабылдайды.

4.1.31. Сатып алу туралы шартты орындау үшін тартылатын Орындаушы жұмыскерлерінің жалақысы мен әлеуметтік қолдау шығыстарының өзгеруі салдарынан, қызметтер көрсетуге сатып алу туралы шарт сомасын ұлғайту бөлігінде жасалған Шартқа өзгерістер енгізу кезінде әлеуметтік жағдайдың тұрақтылығын сақтау және (немесе) қалпына келтіру жөніндегі шараларды қабылдау шеңберінде:

4.1.31.1. Шартты орындау үшін тартылған Орындаушы жұмыскерлерінің жалақысы мен әлеуметтік қолдау шығыстарын көтеруге.

4.1.32. Сыбайлас жемқорлық көріністерін, ақшаны жылыстатуды, терроризмді қаржыландыруды қоса алғанда, заңсыз қызметке қатыспауға, Орындаушымен, оның акционерлерімен/ құрылтайшыларымен/ қатысушыларымен/ басшыларымен ынтымақтастыққа тыйым салатын санкциялардың болуын қоса алғанда, Орындаушының және(немесе) Тапсырыс берушінің беделіне теріс әсер етуі мүмкін өзге де жағымсыз сәттердің болмауына кепілдік беруге және аталған жағдайлар болса, осы Шартты бұзуға.

4.1.33. Орындаушы өз қызметкерлерін Тапсырыс берушінің http://www.ulba.kz. веб-сайтында орналастырылған энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру саласындағы «ҮМЗ» АҚ басшылығының саясатымен танысуға және таныстыруға міндетті. Осы Шартқа қол қоя отырып, Орындаушы «ҮМЗ» АҚ басшылығының энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру саласындағы саясатының мазмұнымен танысқанын растайды.

4.1.34. Өз жұмыскерлеріне еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау талаптарын сақтау жөнінде нұсқамалар жүргізуге.

4.1.35. Пайдасына басқаға беру болжанатын заңды тұлға туралы барлық ақпаратты ұсына отырып, факторинг шартын жасасу туралы

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

«ҮМЗ» АҚ-ға уақтылы хабарлау;

4.1.36. пайдасына басқаға беру көзделіп отырған заңды тұлға туралы барлық ақпаратты ұсына отырып, цессия шартын жасасуды «ҮМЗ» АҚ-мен жазбаша келісу.

4.1.37. Орындаушы еңбек заңнамасын сақтауға және көрсетілген бағыттар бойынша қызметкерлердің әлеуметтік кепілдіктерін қамтамасыз етуге және Тапсырыс берушінің сұрауы бойынша көрсетілген бағыттар бойынша қызметкерлердің еңбек заңнамасының сақталуын және әлеуметтік кепілдіктерін қамтамасыз етуді Растауды Тапсырыс берушіге жіберуге міндеттенеді.

4.2. Орындаушы:

4.2.1. Тапсырыс берушіден Шартта көзделген төлемді талап етуге.

4.2.2. Тапсырыс берушіден Қызметтерді уақтылы қабылдауды және Көрсетілген қызметтердің актілеріне қол қоюды талап етуге;

4.2.3. Тапсырыс берушімен жазбаша келісім бойынша тендерлік өтінім құрамында мәлімделген мамандарды, жабдықтарды, техниканы (техникалық құрылғыларды), үй-жайларды, бағдарламалық қамтылымды баламалы етіп ауыстыруға;

4.2.4. Қазақстан Республикасының заңнамасында, Тәртіппен және (немесе) Шартта көзделген негіздер бойынша Шартты бұзуға;

4.2.5. Тендерлік өтінім құрамындағы тендер кезеңінде Орындаушы көрсеткен бірлесіп орындаушыларға жиынтығында Қызметтер (тендер тәсілімен сатып алуды жүзеге асыру кезінде) көлемінің (құнының) ¼ - ден аспайтын көлемін бірлесіп орындаушыларға ұсынуға;

4.2.6. Қызметтерді көрсету басталғанға дейін Тапсырыс берушіден өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау саласындағы Тапсырыс берушінің ішкі нормативтік құжаттарымен, сондай-ақ адамдардың өмірі мен денсаулығына қауіп төндіретін қауіпті өндірістік объектілер, жабдықтар және (немесе) Тапсырыс берушінің аумақтары туралы ақпаратпен танысуды талап етуге;

4.2.7. Шартты орындау тәсілдерін өз бетімен айқындауға;

4.3. Тапсырыс беруші:

4.3.1. Шарт талаптарына сәйкес Орындаушы көрсеткен қызметтерді қабылдауға;

4.3.2. Орындаушыдан алған күннен бастап шағымдар болмаған жағдайда 10 (он) жұмыс күні ішінде Көрсетілген қызметтер актісіне қол қоюға;

4.3.3. Шарттың талаптарына сәйкес төлемді (төлемдерді) жүзеге асыруға;

4.3.4. Орындаушыдан жазбаша сұрау салуды алған күннен бастап 2 жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде Орындаушының өкілдерін өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау саласындағы Тапсырыс берушінің ішкі нормативтік құжаттарымен қол қою арқылы таныстыруға, сондай-ақ өмірге және (немесе) өмірге адамдардың денсаулығына қауіп төндіретін қауіпті өндірістік объектілер, жабдықтар және (немесе) Тапсырыс берушінің аумақтары туралы хабардар етуге;

4.3.5. Орындаушыдан көрсетілген құжатты алған күннен кейін 10 (он) жұмыс күні ішінде Акт бойынша көрсетілген қызметтерді қабылдауды немесе көрсетілген мерзімде көрсетілген Қызметтерді қабылдаудан уәжді бас тартуды жолдауы тиіс. Көрсетілген Қызметтерде кемшіліктер болған жағдайда Орындаушыға жою мерзімін көрсете отырып, кемшіліктер тізбесін жолдауға.

4.3.6. Орындаушыға осы Шарт жасалған күннен бастап 3 күнтізбелік күн ішінде осы Шарт бойынша Қызмет көрсетуге қажетті ақпарат пен құжаттарды ұсынуға.

4.3.7. Тараптардың өзара талаптарының жоқтығы туралы Орындаушымен салыстыру актісіне қол қою арқылы Шартты жабуға.

4.3.8. Егер осы талап Шарт бойынша міндеттемелерді орындау үшін қажет болса, Орындаушының жұмыскерлерін Тапсырыс берушінің аумағына кіргізуді қамтамасыз етуге.

4.4. Тапсырыс беруші:

4.4.1. Орындаушыдан Шартпен қарастырылған Қызметті тиісті сапада және мөлшерде алуға;

4.4.2. Шарттың құнын тиісінше төмендете отырып, Шарт талаптарына сәйкес келмейтін Қызметтің кез-келген бөлігінен бас тартуға;

4.4.3. Шартты бұзу және (немесе) ҚР заңнамасында, тәртіппен және (немесе) шартта көзделген негіздер бойынша және тәртіппен Шартты орындаудан бас тартуға; Тапсырыс беруші Орындаушының қызметтердегі елішілік құндылықты болжамды есептеуді ұсынуын талап етуге құқылы емес.

4.4.4. Осы Шартта және Қосымшаларда көрсетілген Қызметтердің сапалы және мерзімінде орындалуын талап етуге;

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

4.4.5. Көрсетілген Қызметтердегі кемшіліктерді жоюды талап етуге.

4.4.6. Егер Орындаушы көрсетілген Қызметтердегі кемшіліктерді жою бойынша өз міндеттемелерін, шарттық міндеттемелердің талаптарын орындамаса, Қызметтерді көрсетуді бұзушылықтарды жойғанға дейін жалпы немесе бір бөлігін тоқтатуды жазбаша талап етуге.

4.4.7. Шартты орындаудан біржақты тәртіппен бас тартуға (Шарттан бас тарту) немесе Қазақстан Республикасының заңнамасында және/немесе Тәртіппен және (немесе) осы Шартпен көзделген жағдайларда Шартты біржақты тәртіппен бұзуға.

4.4.8. Орындаушы шарттық міндеттемелерін орындамаған/ тиісті түрде орындамаған жағдайларда тұрақсыздық айыбын төлеуді талап етуге.

4.4.9. Кез келген уақытта Орындаушының қызметіне араласпай, Орындаушы көрсететін Қызметтердің барысын, сапасы мен толықтығын, оның ішінде өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау саласындағы және халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы талаптардың сақталуын бақылауды жүзеге асыруға, тексеруге;

4.4.10. Орындаушыдан Қазақстан Республикасының өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау саласындағы заңнамасының және (немесе) көрсетілген бағыттар бойынша Тапсырыс берушінің ішкі нормативтік құжаттарының талаптарын сақтамаған және (немесе) өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау және халықтың санитарлық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы бұзушылықтарды жою туралы Тапсырыс берушінің талаптарын орындамаған жағдайда есептелген айыппұлдар сомасын өндіріп алуға құқылы.

4.4.11. Көрсетілген Қызметтердің сапасына және/немесе толық орындалуына қатысты негізді келіспеушіліктерді ұсынуға.

4.4.12. Қызметтердің көрсетілу барысы мен сапасын қадағалауды іске асыруға.

4.4.13. Орындаушы Қызметтерді көрсету мерзімін, көрсетілген Қызметтердің сапасын бұзғаны үшін Шартпен көзделген тәртіпте Шарт бойынша төлем сомасынан біржақты тәртіпте тұрақсыздық айыбын ұстап қалуға.

4.4.14. Осы Шартты орындауға байланысты банктік есеп айырысулар жөніндегі ақпаратты «Самұрық-Қазына» Ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ-ға (бұдан әрі – «Қор») осы Шартта көзделген банк арқылы «ҮМЗ» АҚ банктік шоты бойынша анықтамалар, үзінді-көшірме/үзінді-көшірмелер түрінде Қор талап еткен кез келген кезеңділікпен ұсынуға.

4.4.15. Орындаушыдан жоғалған/бүлінген рұқсаттаманың құнын өтеуді талап етуге.

4.4.16. Келесі жағдайларда біржақты тәртіппен Шартты бұзуға (Шартты орындаудан бас тарту):

4.4.16.1. - Орындаушы Тапсырыс берушіге осы Шарттың талаптарына сәйкес осы Шарттың №4 Қосымшасындағы нысан бойынша Контрагент сауалнамасын ұсынбаған жағдайда; - Орындаушыны комплаенс-тексеру кезінде теріс нәтижелер анықталса; - Орындаушы «ҮМЗ» АҚ Өнім берушінің Әдеп кодексін бұзу фактілері анықталса;

4.4.17. Өнім берушінің (Сатушының) /Орындаушының/ Мердігердің басқарма жұмыскерлері (ұйымдастырушылық-өкімдік немесе әкімшілік-шаруашылық функцияларды тұрақты, уақытша немесе арнайы өкілеттік бойынша орындайтын тұлға) сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасаған жағдайда шартты/келісімшартты/келісімшартты бұзу.

4.4.18. Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының нормалары аясында жауап қату шараларын қабылдау үшін Орындаушының және/немесе Орындаушы жұмыскерінің өткізу және объектішілік режимдерді бұзғаны туралы материалдарды арнаулы және құқық қорғау органдарына жіберуге.

4.4.19. Тапсырыс беруші Өнім берушіден еңбек заңнамасының сақталуын Растауды және көрсетілген бағыттар бойынша қызметкерлердің әлеуметтік кепілдіктерін қамтамасыз етуді талап етуге құқылы.

4.5. Осы Шарт бойынша міндеттемелерді орындаған жағдайда Тараптар осы Шарттың «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл» тармағының талаптарын сақтауға міндеттенеді.

4.6. Тараптардың ешқайсысының осы Шарт бойынша өз құқықтары мен міндеттемелерін екінші Тараптың жазбаша келісімінсіз үшінші Тарапқа беруге құқығы жоқ.

5. Қызметтерді тапсыру және қабылдау тәртібі

5.1. Жалпы сомасы 1000 АЕК жоғары шарт бойынша ҚҚС төлеушілері, ҚҚС төлеушілері болып табылмайтындар үшін Қызмет көрсетуді аяқтаған соң Орындаушы Тапсырыс берушіге Актісінің екі данасын жасайды және жолдайды. Жалпы сомасы 1000 АЕК дейін қоса санағанда шарт бойынша ҚҚС төлеушілері болып табылмайтындар үшін Қызмет көрсетуді аяқтаған соң Орындаушы Тапсырыс берушіге Актісінің екі данасын және шот жолдайды.

5.2. Қазақстан Республикасының резиденттерімен жасалатын шарттар үшін Тапсырыс беруші алған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде Актіге қол қоюы немесе қызметтерді қабылдаудан дәлелді бас тартуды жолдауы тиіс. Тапсырыс беруші қызметтерді қабылдаудан

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе.

дәлелді бас тартқан жағдайда, Тараптар қажетті түзетулер тізбесі мен оларды жою мерзімдерін көрсете отырып, екіжақты акт жасайды.

5.3. ҚР СК 208-бабында көрсетілген ҚҚС төлеушілер, ҚҚС төлемеушілер үшін Тапсырыс беруші Актіге қол қойғаннан кейін Орындаушы салық заңнамасының талаптарына сәйкес шот-фактура жазады.

5.4. Бейрезиденттермен жасалған шарттар үшін

5.4.1. Қызметтерді көрсетуді аяқтаған соң Орындаушы Тапсырыс берушінің атына салық заңнамасының талаптарына сәйкес жазып берілген _____ (Орындаушының мемлекет атауын көрсету. Мысалы «Ресей Федерациясының») Актінің екі данасын және шот-фактураны жолдайды.

5.4.2. Тапсырыс беруші алған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде Актіге қол қоюға немесе көрсетілген Қызметтерді қабылдаудан уәжді бас тартуды жолдауы тиіс. Тапсырыс беруші Қызметтерді қабылдаудан уәжді бас тартқан жағдайда, Тараптар қажетті түзетулер тізбесі мен оларды жою мерзімдерін көрсете отырып, екіжақты акт жасайды.

6. Кепілдіктер және Сапа

6.1. Көрсетілген қызметтердің сапасы Тапсырыс берушінің талаптарына, сондай-ақ Қазақстан Республикасында қолданыстағы көрсетілген қызметтердің түрі бойынша тиісті саланың облыстары бойынша Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мемлекеттік стандарттарға/талаптарға сәйкес келуі тиіс.

6.2. Орындаушы көрсетілген Қызметтердің сапасына Тараптар Актіге қол қойған күннен бастап бір жыл белгіленген кепілдеме мерзім ішінде кепілдеме береді.

6.3. Кепілдеме мерзімі шегінде Тапсырыс беруші кемшіліктер анықтаған жағдайда, Тапсырыс беруші Орындаушыға кемшіліктерді жою және жою мерзімін көрсете отырып, хабарлама жолдайды. Орындаушы хабарлама алғаннан кейін кепілдеме мерзімі шегінде анықталған кемшіліктерді өз есебінен жояды.

6.4. Бейрезиденттермен жасалатын шарттар үшін:

6.4.1. Осы Шарттың № 7 Қосымшасын сәйкес санкциялық шектеулерге сәйкес келу кепілдігі.

6.5. Қазақстан Республикасының резиденттерімен жасалатын шарттар үшін:

6.5.1. Тараптар БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесінің, АҚШ-тың, Еуропалық Одақтың, Ұлыбританияның, Қытайдың, Швейцарияның, Австралияның немесе Тараптардың кез келгені орналасқан елдің санкцияларымен шектелмей, эксаумақтық әсері бар санкцияларға (бұдан әрі - Жаһандық санкциялар) шектеулер қойылмайтынына кепілдік береді және сендіреді. Тараптар осы Шартты орындауға тартылған, оларға қарсы Жаһандық санкциялар бағытталуы мүмкін кез келген тұлғаларды, компанияларды немесе ұйымдарды тартпауға немесе жалдамауға келіседі. Егер Тарап немесе оның құрылтайшы компаниясы немесе оның үлестес тұлғаларының кез келгені немесе осындай компаниялардың директорларының, лауазымды тұлғаларының немесе қызметкерлерінің кез келгені («Санкцияға ұшыраған тұлға») немесе санкцияға ұшыраған осындай тұлға тұрып жатқан немесе Шартты орындайтын немесе бизнесті жүргізетін ел Жаһандық санкцияларға сәйкес айыппұлға тартылады немесе талап қойылады, немесе ерекше белгіленген азаматтығы және бұғатталған адамдар тізімінде болса («SDN-тізім»), екінші Тарап жауапкершіліксіз немесе айыппұлсыз Шарттың орындалуын санкциядағы тұлға SDN тізімінен шығарылғанға дейін немесе осындай санкциядағы Тұлға немесе санкциядағы Тұлға елі қандай да бір санкциялардың/шектеулердің объектісі немесе мақсаты болуды тоқтатқанға дейін, немесе басқа Тарапқа қандай да бір өтемақысыз күнтізбелік 30 (отыз) күн бұрын жазбаша хабарлай отырып, осы себеппен оның қолданысын дереу тоқтатуға құқылы.

6.6. Орындаушы Тапсырыс берушіге осы Шарт бойынша қызмет көрсету үшін тиісті тәжірибесі мен біліктілігі бар екеніне кепілдік береді. Орындаушы көрсетілген кепілдік мерзімі ішінде қателерді, кемшіліктерді және техникалық ерекшелік қызметтерінің басқа да сәйкессіздіктерін (осы Шарттың № 2-Қосымшасы) өтеусіз түзетуге кепілдік береді.

6.7. Осы Шартпен Орындаушы Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес осы Шартты жасасу және тиісті түрде орындау үшін барлық қажетті құқықтарға, өкілеттіктерге, лицензиялар мен рұқсаттарға ие екендігіне кепілдік береді.

7. Тараптардың жауапкершілігі

7.1. Шарт бойынша міндеттемелерді орындамағаны және/немесе тиісінше орындамағаны үшін Тараптар Қазақстан Республикасының заңнамасына және Шартқа сәйкес жауапты болады.

7.2. Орындаушының жауапкершілігі:

7.2.1. Шарт талаптарына сәйкес Қызметтердегі елішілік құндылық есебі ұсынылмаған жағдайда, Орындаушы Тапсырыс берушіге мерзімін кешіктірген әрбір күн үшін Шарт сомасының 0,1% мөлшерінде, бірақ Шарт сомасының 10% аспайтын мөлшерде өсімақы төлейді;

7.2.2. Орындаушы Қазақстан Республикасының өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау, халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы заңнамасының және (немесе) көрсетілген бағыттар бойынша

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

Тапсырыс берушінің ішкі нормативтік құжаттарының талаптарын сақтамаған және (немесе) анықталған бұзушылықтарды жою жөніндегі Тапсырыс берушінің талаптарын орындамаған жағдайда Орындаушы әрбір анықталған сәйкессіздік үшін Шарттың жалпы құнының 10%-нан аспайтын, бірақ Шарт сомасының 0,1%-ы мөлшердегі тұрақсыздық түріндегі жауапкершілікті мойнына алады.

7.2.3. Орындаушы сатып алынатын тауардың тауар өндірушілерінен және сатып алынатын тауар бойынша жаңа өндірістер құру жөніндегі жобаны іске асыратын ұйымдардан Жұмыстарды орындау үшін қажетті тауарларды сатып алу жөніндегі міндеттемелерді белгіленген тәртіппен орындамаған жағдайда, Орындаушы орындалған жұмыстардың/көрсетілген қызметтердің қабылданғанын-берілгенін растайтын тиісті (түпкілікті) актіге тараптар қол қойғанға дейін жұмыстарды/көрсетілетін қызметтерді беруші төлеуге тиіс немесе Тапсырыс беруші ұстап қалуы мүмкін, міндеттеме бұзыла отырып сатып алынған тауардың жалпы құнының 20% мөлшерінде айыппұл түрінде міндеттемені орындамағаны үшін жауапты болады;

7.2.4. Орындаушы Шартта келісілген Қызмет көрсету мерзімдерін бұзған жағдайда, Орындаушы Тапсырыс берушіге мерзімін кешіктірген әрбір күнтізбелік күн үшін уақытында көрсетілмеген/ көрсетілмеген Қызметтер құнының 0,5% мөлшерінде, бірақ уақытында орындалмаған міндеттемелердің жалпы сомасынан 10% аспайтын өсімақы төлеуге міндетті;

7.2.5. Орындаушы анықталған кемшіліктерді Шарттың 6-бөліміне сәйкес жою мерзімдерін бұзған жағдайда, Орындаушы Тапсырыс берушіге мерзімін кешіктірген әрбір күнтізбелік үшін Шарт сомасының 0,5 % мөлшерінде, бірақ орындалмаған міндеттеменің жалпы сомасының 10 % аспайтын өсімақы төлеуі тиіс;

7.2.6. Орындаушы Тапсырыс берушінің алдын ала жазбаша келісімінсіз әлдекімге Шарттың немесе оның қандай да бір қағидаларының, сондай-ақ Тапсырыс беруші немесе осы Шартты орындау үшін Орындаушы ұсынған персоналды қоспағанда, оның атынан басқа тұлғалар ұсынған жобалау құжаттамасының немесе ақпараттың мазмұнын ашпауы тиіс. Көрсетілген ақпарат бұл персоналға шарттық міндеттемелерді орындау үшін қаншалықты қажет болса, сондай шамада берілуі тиіс.

7.2.7. Орындаушы Тапсырыс берушінің алдын ала жазбаша келісімінсіз жоғарыда аталған құжаттарды немесе ақпаратты Шартты іске асыру мақсатынан басқа мақсатта пайдаланбауы тиіс.

7.2.8. ҚҚС төлеушісі болып табылатын Орындаушылар үшін (еншілес ұйымдардан басқа) Орындаушы ҚҚС бойынша салық есептілігінде осы Шарт бойынша туындайтын өткізу бойынша айналымдарды Тапсырыс берушінің атына уақытында көрсетуге міндеттенеді және салық заңнамасының талаптарына сәйкес шот-фактураларды толтырудың дұрыстығы мен анықтығы үшін жауапты болады. Орындаушы салық міндеттемелері бойынша талап қою мерзімі ішінде қайтаруға ұсынылған ҚҚС сомаларының дұрыстығын растау мәселелері бойынша салықтық тексерулер жүргізу барысында Тапсырыс берушімен өзара есеп айырысуларды растауға міндеттенеді. Жоғарыда көрсетілген міндеттемелер сақталмаған жағдайда, Орындаушы салық заңнамасының талаптарына сәйкес қайтарудан шығарылған ҚҚС сомасын өтеуге міндеттенеді.

7.2.9. Орындаушы Тапсырыс берушінің мүлкіне, Орындаушы жұмыскерлерінің меншігіне және денсаулығына залал немесе шығын келтірумен байланысты барлық тәуекел үшін, сондай-ақ Орындаушының кінәсінен Шарттың орындалуы барысында және салдарынан туындайтын Орындаушы жұмыскерлерінің қаза табуына байланысты және барлық тәуекел үшін жауапты болады.

7.2.10. Қазақстан Республикасының резиденттерімен шарттар үшін Шарт бойынша міндеттемелердің кез келгені тиісті түрде орындалмаған жағдайда (Қызмет көрсету мерзімін бұзу және/немесе тиісті емес сапада Қызмет көрсету, Орындаушының кінәсінен шартты бұзу) Орындаушы Тапсырыс берушіге есептеу кезінде Қызметтер үшін төленуге жататын сомадан есептелген тұрақсыздық айыбын, залалдарды (Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 9-бабының 4-тармағына сәйкес) есепке жатқызуды жүргізу құқығын береді. Орындаушы Шарт бойынша төлемнің мерзімін өткізіп алғаны үшін осы сомаға тұрақсыздық айыбын есептемейді. Бұл ретте, Тапсырыс беруші Орындаушыға Орындаушының бұзылған міндеттемесі және есептелген тұрақсыздық айыбын, залалдарды (Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 9-бабының 4-тармағына сәйкес) Қызметтер үшін төленуге жататын сомадан шегеру жүргізілгені туралы хат (хабарлама) жібереді. Бейрезиденттермен шарттар үшін Шарт бойынша міндеттемелердің кез келгені тиісті түрде орындалмаған жағдайда (Қызмет көрсету мерзімін бұзу және/немесе тиісті емес сапада Қызмет көрсету, Орындаушының кінәсінен шартты бұзу) Орындаушы Тапсырыс берушіге есептеу кезінде Қызметтер үшін төленуге жататын сомадан есептелген тұрақсыздық айыбын, залалдарды есепке жатқызуды жүргізу құқығын береді. Орындаушы Шарт бойынша төлемнің мерзімін өткізіп алғаны үшін осы сомаға тұрақсыздық айыбын есептемейді. Бұл ретте, Тапсырыс беруші Орындаушыға Орындаушының бұзылған міндеттемесі және есептелген тұрақсыздық айыбын, залалдарды Қызметтер үшін төленуге жататын сомадан шегеру жүргізілгені туралы хат (хабарлама) жібереді. Осы тармақтағы залалдар деп құқығы бұзылған тұлға жүргізген немесе жүргізуі тиіс шығыстар, оның мүлкінің жоғалуы немесе бүлінуі (нақты залал), сондай-ақ егер оның құқығы бұзылмаса (жоғалған пайда), бұл сол тұлға айналымның қалыпты жағдайларында алуы тиіс алынбаған кірістер түсініледі.

7.2.11. Орындаушы Тапсырыс беруші аумағында Қызмет көрсету кезінде «ҮМЗ» АҚ денсаулық сақтау және еңбек қауіпсіздігін қамтамасыз ету менеджменті жүйесінің, қоршаған орта менеджменті жүйесінің талаптарын сақтауға жауапты.

7.2.12. Осы Шарттың талаптарына сәйкес контрагенттің сауалнамасы ұсынылмаған немесе уақытында ұсынылмаған жағдайда, Тапсырыс беруші Орындаушыдан осы Шарттың жалпы сомасының 5% мөлшерінде айыппұл төлеуді талап етуге құқылы.

7.2.13. Орындаушы Шарттың елеулі талаптарын бұзған жағдайда (Орындаушының Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындаудан бас тартуы), Шарттың 11-бөлімінде көзделген жағдайларды қоспағанда, Орындаушы Тапсырыс берушіге орындалмаған міндеттеменің жалпы сомасының 20% мөлшерінде айыппұл төлеуге міндетті.

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

7.2.14. Қызметтердегі елішілік құндылық жөнінде анық емес ақпарат ұсынылған жағдайда, Орындаушы Тапсырыс берушіге Шарттың жалпы сомасының 3% мөлшерінде айыппұл төлейді.

7.2.15. Өткізу және объектішілік режимдерді бұзған әрбір жағдай үшін Орындаушы Тапсырыс берушіге Шарттың жалпы сомасының 10% мөлшерінде айыппұл төлейді.

7.2.15.1. Айыппұл мөлшерін шарттың жалпы сомасына байланысты қолдану (қажетті нұсқаны таңдау) - а) нұсқа: әрбір тіркелген бұзушылық жағдайы үшін шарттың жалпы сомасының 10% - сомасы 5 000 000 теңгеден шарттар жасасу кезінде; - б) нұсқа : әрбір тіркелген бұзушылық жағдайы үшін шарт 100 АЕК - сомасы 5 000 000 теңгеден артық шарттар жасасу кезінде.

7.2.16. Өнім беруші сатып алынатын тауардың тауар өндірушілерінен және сатып алу веб-порталында ұсынылған коммерциялық ұсыныстар негізінде сатып алынатын тауар бойынша жаңа өндірістер құру жөніндегі жобаны іске асыратын ұйымдардан жұмыстарды орындауға қажетті тауарларды сатып алу міндеттемелерін орындамаған жағдайда, Өнім беруші сатып алу туралы Шарттың жалпы құнының 20% мөлшерінде айыппұл түрінде жауапты болады, оны Өнім беруші төлеуі тиіс немесе Тараптар орындалған жұмыстардың түпкілікті актісіне қол қойғанға дейін Тапсырыс беруші ұстап қалуы мүмкін.

7.2.17. Өнім беруші/Мердігер/Орындаушы факторинг шартын жасағаны туралы «ҮМЗ» АҚ уақтылы хабарламаған жағдайда Өнім беруші/Мердігер/Орындаушы «ҮМЗ» АҚ-ға шарттың/келісімшарттың/келісімнің жалпы сомасының 10% -ы мөлшерінде айыппұл төлеуге міндеттенеді;

7.2.18. «ҮМЗ» АҚ-мен цессияны тиісінше келісу болмаған жағдайда Өнім беруші/Мердігер/Орындаушы «ҮМЗ» АҚ-ға шарттың/келісімшарттың/келісімнің жалпы сомасының 10% -ы мөлшерінде төлеуге міндеттенеді.

7.3. Тапсырыс берушінің жауапкершілігі:

7.3.1. Көрсетілген Қызметтер үшін төлемді негізсіз мерзімінен кешіктірген жағдайда, Тапсырыс беруші Орындаушыға мерзімінен кешіктірген әрбір күнтізбелік күн үшін берешек сомасының 0,5 % мөлшерінде, бірақ орындалмаған міндеттеменің жалпы сомасының 10% аспайтын өсімақы төлейді;

7.3.2. Тапсырыс беруші көрсетілген Қызметтер актісіне қол қоюды кешіктірген жағдайда, Тапсырыс беруші Орындаушыға әрбір күнтізбелік күн үшін көрсетілген Қызметтер Актісі сомасының 0,1% мөлшерінде, бірақ орындалмаған міндеттеменің жалпы сомасының 10% аспайтын өсімпұл төлейді.

7.3.3. Қазақстан Республикасының резиденттерімен шарттар үшін Тапсырыс беруші Шарттың елеулі талабын бұзған жағдайда (Тапсырыс беруші Шартты орындаудан бір жақты тәртіпте бас тартқан жағдайда) Тәртіптің 65-бабы 6- тармағына көзделген жағдайлардан басқа, Тапсырыс беруші Орындаушыға орындалмаған міндеттемелердің жалпы сомасынан 20 % мөлшерде айыппұл төлеуге міндетті. Бейрезиденттермен шарттар үшін Тапсырыс беруші Шарттың елеулі талабын бұзған жағдайда (Тапсырыс беруші Шартты орындаудан бір жақты тәртіпте бас тартқан жағдайда) Шарттың 8.3-тармағында көзделген жағдайлардан басқа, Тапсырыс беруші Орындаушыға орындалмаған міндеттемелердің жалпы сомасының 20% мөлшерінде айыппұл төлеуге міндетті.

7.3.4. Тапсырыс беруші көрсетілген Қызметтер актісіне қол қоюды кешіктірген жағдайда, Тапсырыс берушіге Орындаушы әрбір күнтізбелік күн үшін көрсетілген Қызметтер Актісі сомасының 0,1% мөлшерінде, бірақ Шарттың жалпы сомасының 10% аспайтын өсімпұл төлейді.

7.4. Тапсырыс беруші құжаттарды уақытында ұсынбаған жағдайда (егер Шарттың талаптары бойынша Тапсырыс беруші Орындаушыға Қызмет көрсету үшін құжаттарды ұсынуы талап етілген жағдайда), соның салдарынан Орындаушы Шартта қарастырылған өз міндеттемелерін орындай алмаған жағдайда, Орындаушы Тапсырыс берушіден Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен мерзімі өткен залалдарды өтеуді талап етуге құқылы.

7.5. Орындаушы Шарт бойынша өз міндеттемелерін бұзған жағдайда, Тапсырыс беруші белгіленген тәртіппен сатып алу мәселелері жөніндегі уәкілетті органына Орындаушы туралы мәліметтерді «Самұрық-Қазына» АҚ сенімсіз әлеуетті өнім берушілердің (өнім берушілердің) тізбесіне енгізу үшін ақпарат жолдайды.

7.6. Орындаушы Тапсырыс берушінің осы Шарт бойынша төлеуге жататын сомалардан Орындаушының осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамағаны және/немесе тиісті түрде орындамағаны үшін Тапсырыс берушіге тиесілі тұрақсыздық төлемі (айыппұл, өсімпұл) сомасын ұстап қалуына келіседі.

7.7. Шарттың 7.2-тармағы (Орындаушының жауапкершілігі) және 7.3-тармағы (Тапсырыс берушінің жауапкершілігі) бойынша жауапкершілікті қоспағанда, Шарт бойынша міндеттемелерді бұзудың әрбір жағдайы үшін кінәлі тарап екінші тарапқа 10 АЕК (айлық есептік көрсеткіш) мөлшерінде айыппұл төлеуге міндетті.

7.8. Шарттың 7.7-тармағы бойынша кінәлі Тараптың атына жіберілетін шоттың тиісті актілері,шоттары айыппұлды төлеуге негіз болып табылады. Кінәлі Тарап келісілген сомаларды төлем шоттарын алған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде екінші Тараптың есеп шотына ақша қаражатын аудару арқылы төлейді.

7.9. Тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) төлеу Тараптарды осы Шартпен қарастырылған міндеттемелерді орындаудан босатпайды.

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

7.10. Тапсырыс беруші осы Шарттың 8.3-тармағына сәйкес осы Шартты мерзімінен бұрын бұзған жағдайда, Орындаушы Тапсырыс берушіден осы Шартты бұзу туралы жазбаша хабарлама алған күннен бастап күнтізбелік 10 (он) күн ішінде осы Шарттың 7-бөлімінде көзделген тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) өтеуге міндетті.

7.11. Бейрезиденттермен жасалатын шарттар үшін ҚР СК (ҚР СК 679,683-баптары) сәйкес Орындаушының тұрақсыздық төлемі (айыппұлдар, өсімпұлдар) және тұрақсыздық айыбының басқа түрлері түріндегі табысына 20% мөлшерлеме бойынша төлем көзінен табыс салығы салынады. Шарттың осы тармағында Шарт бойынша қабылданған талаптарды бұзған Тапсырыс берушіден алынатын Шартта көзделген, құжатпен белгіленген тұрақсыздық төлемдері (айыппұлдар, өсімпұлдар) санкциялар деп түсініледі.

8. Шартты өзгерту, бұзу тәртібі

8.1. Осы Шартқа өзгерістер мен толықтыруларды енгізу Қазақстан Республикасының заңнамасына және Тәртіпке сәйкес жүзеге асырылады

8.2. Жобаға не Сатып алу туралы жасалған шартқа өткізілетін (өткізілген) сатып алу талаптарының мазмұнын өзгерте алатын өзгерістерді және/немесе Тәртіптің тиісті тармағында(тарында) көзделмеген өзге де негіздер бойынша Орындаушыны таңдау үшін негіз болған ұсынысты енгізуге жол берілмейді.

8.3. Тапсырыс беруші шартты орындаудан біржақты тәртіппен мынадай жағдайларда ғана бас тартуға құқылы: 1) Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 404 бабының 2 тармағында көзделген; 2) өнім беруші өз міндеттемелерін бұзған кезде; 3) тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алудың негізді орынсыздығына байланысты; 4) консультациялық қызметтерді сатып алу туралы шартты орындау барысында Тапсырыс беруші әлеуетті өнім берушінің мүдделер қақтығысының болмауы туралы дұрыс емес ақпаратты және/немесе жалған мәліметтерді ұсынуын анықтаған. Бұл ретте Тапсырыс беруші Өнім берушінің сатып алу туралы шарттың талаптарына сәйкес залалдарды өтеуін талап етуге құқылы; 5) Тәртіптің 31-бабы 1-тармағында көрсетілген; 6) сатып алу туралы шарт тараптарының бірі Шарттың талаптарында көзделген сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі міндеттемелерді бұзған кезде; 7) Тәртіпте анықталған басқа жағдайларда.

8.4. Сатып алуда «Самұрық-Қазына» АҚ құрылымдық бөлімшесі атынан Сатып алуды жүзеге асыру мәселелері жөніндегі уәкілетті орган бұзушылықтарды анықтаған жағдайда Тапсырыс берушінің Шарттан біржақты тәртіппен бас тартуына жол берілмейді. Бұл жағдайда Шарт ҚР заңнамасының талаптарына сәйкес Тараптардың өзара келісімі бойынша және Орындаушыға Шартты бұзу күніне оның нақты шеккен шығыстарын төлеу арқылы бұзылуы мүмкін.

8.5. Шартты бұзу немесе Шартты орындаудан бас тарту (Шарттан бас тарту) туралы Тапсырыс беруші Орындаушыға жазбаша хабарлама арқылы ескертеді. Хабарламада Шартты бұзудың немесе Шартты орындаудан бас тартудың (шарттан бас тартудың) себебі, күшіне енген күні көрсетілуі тиіс. Бұл ретте шартты бұзу немесе шартты орындаудан бас тарту (шарттан бас тарту) туралы хабарлама Орындаушыға шартты бұзу немесе Шартты орындаудан бас тарту (шарттан бас тарту) туралы алдағы күнге дейін кемінде күнтізбелік 10 күн бұрын жіберілуі тиіс. Тапсырыс беруші хабарламада көрсеткен күн шартты бұзу немесе Шартты орындаудан бас тарту (шарттан бас тарту) күшіне енген күн болып табылады. Хабарлама, егер ол Орындаушының электрондық поштасына немесе заңды мекенжайына жеткізілсе, осы күндердің қайсысы ерте келетініне байланысты алынды деп есептеледі. Шарттың 8.3-тармағында көрсетілген жағдайларда Шартты бұзу (бас тарту) үшін Орындаушының қосымша келісімі талап етілмейді.

8.6. Егер Шарт бұзылса, Орындаушы Қызметтерді көрсетуді дереу тоқтатуы тиіс.

